



қалыптан тыс жағдайларда
Ұлттық ұлан әскери және полиция
қызметкерлеріне арналған
ЖАДНАМА

Астана 2017



**Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясы**

**қалыптан тыс жағдайларда
Ұлттық ұлан әскери және қолдануға
полиция қызметкерлеріне арналған
ЖАДНАМА**

Астана, 2017

ӘОЖ 351/354
КБЖ 57.401.213
П46

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясының Ғылыми Кеңесімен ұсынылған.

Полиция қызметкерлері мен Ұлттық ұлан әскери қызметшілеріне қалыптан тыс жағдайларда қолдануға арналған жаднама / А.Е.Алибеков, З.Ж.Шахарбаева; жалпы редакцияны басқарған Н.Р.Ахметзакиров - Астана, Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы, 2017 ж. -101 б.

Қазақ тіліне аударған Ж.А.Кішкентаева.
ISBN 978-601-2820-755-4

Рецензенттер:

Тургумбаев Е.З. – Қазақстан Республикасы ішкі істер министрінің орынбасары;

Тынышбаева А.А. – әлеуметтану ғылымдарының докторы, психология ғылымдарының кандидаты, профессор;

Кемали Е.С. – заң ғылымдарының кандидаты.

Жаднама практикада кездесетін қалыптан тыс жағдайларда Ұлттық ұлан әскери қызметшілері мен полиция қызметкерлерінің жағымды бет бейнесін нығайтуға ықпалын тигізетін мінез-құлықтың дұрыс алгоритмін ұстану үшін қолдануға арналған.

Жаднамада қалыптан тыс жағдайлардағы мінез-құлықтың нақты үлгілері (құқық бұзушылар тарапынан арандату, болған жайтты бейнетүсірілімге түсіру, қысым көрсету, күш қолдану және т.б.) көрсетілген.

Бұл жаднама полиция қызметкерлері, әскери қызметшілері, құқық қорғау органдарына қызметке қабылданушыларға, жоғары оқу орындарының «Құқықтану» мамандығы бойынша бакалаврлары мен магистранттарына ұсынылады.

ISBN 978-601-2820-755-4

©Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы Құқық қорғау органдары академиясы
© Ахметзакиров Н.Р., Алибеков А.Е.



«Елімізде полиция қызметкерінің келбеті өзгеруі керек. Қызметкерлер тұрғындар арасында сенімділік сезімін оятып, іс-әрекеттері ең алдымен тұрғындарға көмек көрсетуге бағытталуы тиіс».

Н. Назарбаев

Мазмұны

1. Алғысөз.....	8
2. Қызметкердің кәсіби маңызды қасиеттері мен құзыреттері	12
3. Халықпен тілдесу кезіндегі полиция қызметкерлерінің мінез-құлық үлгісі.....	32
4. Азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қорғау заңға қызмет етудің басты құндылығы ретінде	42
5. Құқықтық тәртіпті сақтау кезіндегі қызметкерлердің және әскери қызметшілердің әрекеттері	56
6. Қауіптілік деңгейлері	70
7. Практикалық кеңестер мен ұсыныстар	72
8. Алғашқы медициналық көмек	78
9. Ұйымдардың телефон нөмірлері	88
10. Шартты қысқартулар	92

АЛҒЫСӨЗ

Алғысөз

Қызметкерлердің кәсіптік шеберлігіне қойылатын ерекше талаптар тұлғаның адамгершілік және әдептілік қырларының рөлін арттыра түседі.

Полиция қызметкеріне көмекке жүгінген азаматтардың ішінде қаншасы олардың тарапынан дөрекілік, әдепсіздік және бейжайлыққа тап болып, өздеріне осы есікті қайта ашпауға сөз берген? Жанашырлық пен қамығудан бас тартуы полицияны қанша адамдардың сенімінен айырды? Сондықтан қызметкердің рухани мәдениеттілігі заңи білімінен немесе қылмыскерді ұстау шеберлігінен кем емес.

Кәсіби мәдениет адамдарға деген сыпайылық пен көрегендік, ықылас танытудан туындайды, ұқыптылық пен міндеттілік әдеттегі қажеттілікке, мінез-құлықтың қалыпты жағдайына айналды. Жоғары кәсіби мәдениетке ие қызметкер әуесқой, қағидашыл, тиянақты, ерекше талапшыл және өз ісіне, міндеттеріне аса мұқият келеді.

Кәсіптік дағдыларды қалыптастыру құқықтық тәртіпті және қылмыспен күресті қамтамасыз етуде едәуір үлесін қосатынын ескеру қажет.

Кәсіби шеберлік сан қырлы, қарапайым, әрі күрделі тапсырмаларды шешуде байқалады. Кәсіби шеберлікті игеруде табысқа жету өзін өзі басқаруды дамытудың дәрежесіне байланысты.

Өзін өзі кәсіби басқару келесі бағыттарда дамиды:

1. Өз өзіне деген сыни, талапшыл қарым-қатынас қалыптастыру және кәсіптік дамудың қажеттілігін арттыру.

- қызметкердің кәсіптік-лауазымдық мансабы ортақ талаптар мен кәсіби шеберлігінің даму деңгейіне сәйкестігі;
- өзіне талапшыл қарым-қатынас қалыптастыру және жеке мүмкіндіктері мен қызметі арасындағы қайшылықты жою;
- қиялдау, күмәндану, жігерсіздік сияқты психологиялық кедергілерден арылу;
- білім алуда үздіксіздік қажет, кәсіби өсу үшін біліктілікті арттыру;
- өзінің жеке және іскерлік қасиеттерін, мықты және әлсіз қырларын білу, өзінің жеке және кәсіби қасиеттерін шынайы бағалау.

2. Тұлғаның білімі, психологиялық және жеке қасиеттерін дамыту деңгейін өзіндік тану және өзіндік бағалау.

- өзі туралы түрлі ақпарат көздерін іздеуге және пайдалануға зейін қою;
- өзге адамдардан өзіне қатысты ақпарат жинау, олардың сізге қатысты бағалау және сыни пікірлеріне мұқият болу;
- өзін өзі талдау өзіндік танудың құралы ретінде.

3. Басты тапсырмаларды тұжырымдау және кәсіби дамудың жеке жоспарын құру.

- жаңа икемділік пен жеке қасиеттерді қалыптастыру;
- теріс қылықтар мен дағдылардан арылу;
- кәсіптік теріс өзгерістердің алдын алу;

Кәсіби шеберлікті қалыптастыру кез келген деңгейдегі тапсырманың шешіміне қатысты білімді тереңдетумен қатар жүруі тиіс. Кәсіпқойдың дилетанттан айырмашылығы: кәсіпқой біліммен және жан жағындағы мән-жайлармен қаруланған.

Өз кезінде Микеланджело Буонаротти: «Ұсақ-түйекке менмендікпен қарамаңыз, өйкені ұсақ-түйекке мінсіздік тәуелді, ал мінсіздік – бұл ұсақ-түйек емес»

Қызметкердің кәсіби маңызды қасиеттері мен құзыреттері

2. Қызметкердің кәсіби маңызды қасиеттері мен құзыреттері

Қызметкерлер мен әскери қызметшілердің кәсіпқойлығы келесі қағидаларды сақтауына негізделеді:

- Адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын сақтау және құрметтеу: қызмет барысында іске асырылады.

- Жалпы кәсіби деңгейге сәйкес болу: кәсіби міндеттерін атқару үшін білім мен дағдыға ие болу.

- Заманауи технологияларды меңгеруі: жедел ақпарат алмасу мүмкіндіктерін кеңейту үшін жаңа технологияларды меңгеру.

- Хабардарлық: ішкі істер органдарының жедел қызметінің мүмкіндіктері мен ерекшеліктері туралы өз білімдерін арттыру.

- Іскерлік әдептілік пен эстетиканы сақтау: іскерлік этикеттің, сөйлеудің және мәнердің нормалары.

- **Жаңа міндеттерді қабылдау және оларды орындауға дайын болу:** қызметкерлердің жаңа тапсырмаларды өзіндік дамуының мүмкіндігі ретінде қабылдауы, осы тапсырмаларды және оларды орындауға қажетті ресурстарды конструкциялы талқылауға қатысу.

- **Бақылау:** қызметтік міндеттеріне лайық болу.

Міндетті түрде қажет:

- Жұмысқа уақытылы келу.

- Сырқаттанған жағдайда тікелей бастыққа хабарласып, келмейтінін ескерту.

- Өзіне қойылған міндеттерді атқаруға кедергі келтіретін жағдайлар туралы тікелей бастыққа кешіктірмей хабарлау.

- Басшылармен және әріптестермен қарым-қатынаста, әсіресе азаматтардың алдында субординация сақтау.

ПО автокөлігін, техникалық құралдарын, жабдықтарын жеке мақсаттарда қолдануға **қатаң тыйым салынады** (қоғамдық қауіп-қатердің сипаты мен дәрежесіне қарай тәртіптік, әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылыққа тартылуы мүмкін).

Жұмыс орнына қойлатын талаптар:

- Жұмыс орнын таза және жинақы ұстау, құжаттармен жұмыста ұқыпты болу қажет.

- Жұмыс бумалары сөрелерге (шкафтарға), қол жетімді жерге орналасуы тиіс.

- Жұмыс үстелінде қызметке қатысы жоқ бөгде заттар болмауы тиіс.

Сыртқы келбет

Нысанды киім үлгісі:

•Қызметкерлер мен әскери қызметшілер қызмет өткеру кезінде ведомстволық бұйрықтар талаптарын қатаң ұстанумен нысанды киім үлгісін сақтауы тиіс. Киілетін нысанды киім белгіленген үлгіге және сипаттамасына жауап беруі, мұқият тігілген және мінсіз күйде болуы тиіс.

- Ашық аяқ киім киюге жол берілмейді.
- Саптық тік жүру, бүкіреймеу қажет.



Азаматтармен қарым-қатынастың ережесі:

Азаматтармен жеке және телефон арқылы сөйлесу кезінде балағат сөздер қолдануға, азаматтарға «сен» деп сөйлеуге қатаң тыйым салынады.

Сонымен бірге дөрекі сөйлесуге, әңгімелесушіні бөлуге немесе

«Білмеймін»,

«Ештеңе білмеймін»,

«Маған бұл туралы ештеңе белгісіз»,

«Біз ештеңе істей алмаймыз» (арызданушыға хабарлауға болмайды),

«Еш көмек көрсете алмаймыз» (өз құзыреті туралы хабарлау қажет емес),

«Менің қатысым жоқ»,

«Өз проблемаңыз»,

«Өзіңіз кінәлісіз»,

«Сіз міндеттісіз» (арызданушы ештеңе міндетті емес),

«Сіздікі дұрыс емес» (оған көмектесу сіздің міндетіңіз),

«Дауыс көтермеңіз»,

«Қарағым»

«Апай»

«Ағай»

«Қарындас», «Қыз».

«қалай айтсам..., солай..., енді, былай ғой...және т.б.» **сияқты сөздерді айтуға тыйым салынады.**

2. Қызметкердің кәсіби маңызды қасиеттері мен құзыреттері

Сіз деп әдептілік танытыңыз, арызданушыдан сыпайы түрде әкесінің есімін алдын ала біліп, қоса айтыңыз (кез келген адам үшін өз есімі ең жағымды үн екенін естен шығармаңыз). Егер есімі мен әкесінің есімі сізге беймәлім болса, «кешіріңіз», «айтып жіберіңізші», «ренжімесеңіз».

Сондай-ақ келесі сөз тіркестерін қолдануды ұсынамыз: «Менің түсінуімше...», «Сізбен келісемін», «Мен сізді жақсы түсіндім», «Сізге нақты қандай көмегім керек?».

Лауазымды тұлғалардың құқықтық тәртіпті ұстану бойынша мінез-құлық кодексінің 1-бабы 17.12.1979 ж. БҰҰ Бас Ассамблеяның 34/169 резолюциясымен қабылданған.



Телефонмен сөйлесудің жалпы ережесі:

- Телефон арқылы сөйлесу барысында әрбір азаматтың мәселесі шешілуі керек және оларда ішкі істер органдары қызметкерімен сөйлесуден жағымды әсер қалуы тиіс.

- Арызданушының 30 секундтан артық күтуіне жол бермеңіз, егер Сіз жауап беруге дайын болмасаңыз, кезекші бөлім жасағының басқа қызметкеріне немесе жауапты басшыға жолдаңыз.

- Сөздерді адам еститіндей және түсінетіндей анық айту керек. Телефон арқылы дауыстың неғұрлым жағымды ырғағы – айқын үнмен мәнерлеп сөйлеу (бірсарындылықтан аулақ болу).

Сөйлеудің жылдамдығына назар аударыңыз, шамадан тыс шапшаң немесе баяу сөйлеу қарым-қатынасқа кедергі келтіреді.

- Азаматты мұқият тыңдаңыз.

- Жұмыс үшін қажет телефондар тізімі қолжетімді жерде болуы тиіс.

- Сіз азаматтарға жауап беретін сұрақтар бойынша білікті болуыңыз керек. Бұл үшін үнемі кәсіби біліміңізді жетілдіруіңіз, болып жатқан өзгерістерді білуіңіз, өз әріптестерімен жедел ақпаратпен алмасуыңыз, ІО тиісті бөлімшелерінің мамандарымен кеңесуіңіз қажет.

- Қызметкер шамадан тыс сезімтал, сөзуар және тіптен агрессиялы азаматты немесе азаматтар тобын қабылдауға психологиялық дайын болуы

тиіс. Осындай көріністерді залалсыздандыру амалдарын меңгеруі және әңгімені байсалды арнаға тарта білуі керек.

•Арызданушылардың сұрақтарына жан-жақты толық жауап беруге тырысыңыз. Егер сұраққа жауап беру мүмкін болмаған жағдайда, арызданушыға жолдау мерзімін көрсетумен жазбаша жауап берілетінін хабарлаңыз.

•Егер сіз телефон арқылы сөйлесіп жатқан болсаңыз, басқа қоңырау шалынса, тұтқаны алып, басқа абонентпен сөйлесіп жатқаныңыз жайлы хабарлаңыз.

•Телефонмен сөйлесу уақытын 5 минуттан асырмауға тырысыңыз. Егер Сіз барлық қажетті ақпаратты түсіндірсеңіз, ал арызданушы қайта айналып сұрайтын болса, «Кешіріңіз, Сіздің сөзіңізді бөлуге тура келеді, мен сіздің өтінішіңізді түсіндім, Сізде маған тағы сұрақ бар ма?» деген тіркесті қолданыңыз.

•Хабарлама (арыз) алу кезінде Сізге қажет ақпаратты анықтау үшін оқиға туралы хабарлаған арызданушыға немесе адамға келесі сұрақтарды қою керек:

-Сіз қай жердесіз (нақты орнын анықтап алыңыз)?

-Сіздің аты-жөніңіз қандай, туған күні, айы және жылыңыз?

-Байланыс телефоны мен мекенжайыңызды айтыңыз.

-Қандай оқиға болды, қандай жағдайларда және қай уақытта болды? Сіз жалғыз болдыңыз ба немесе оқиға куәгерлері бар ма (болған жағдайда қажетті мәліметтер мен байланыс телефондарын анықтау)?

-Қылмыс жасаған адамдар туралы не айта аласыз (қылмыс жасаған адамның бет-әлпетінің белгілерін, оның жасының шамасын анықтау), қылмыс жасағаннан кейін қай жаққа кетті, болуы мүмкін орынды білесіз бе?

•Қажет жағдайда хабарламаға жедел әрекет етудің шұғыл шараларын қабылдау қажет.

Келушімен жеке әңгімелесу кезіндегі мінез-құлық ережесі:

•Қызметкер азаматпен бірінші болып амандасып, мүмкіндігінше «көзбе көз» байланысын орнатуға тырысуы керек.

•«Қайырлы күн (таң, кеш)», «Саламатсыз ба, мен сізді тыңдап тұрмын» деген сияқты байланысу тіркестері байсалдылықпен, шын пейілмен және іскерлік сарынмен айтылуы керек.

•Байланыс орнату кезінде этикеттің және тиімді іскерлік қарым-қатынастың ережелерін қолдану қажет. Мінез-құлық сыпайылық пен іскерлік белсенділіктің үйлесімінен тұруы керек.

•Күлімсіреу – полиция қызметкері мінез-құлқының қалпы. Алайда сіздің күлімсіреуіңіз келуші мәселесіне мысқылдау болып көрінбес үшін міндетті түрде келушінің жағдайы мен мән-жайды біліп алған жөн.

•Әңгімені басқару мақсатында жазуға арналған дәптерге қажетті жазбаларды түсіріп отыру керек. Бұл сөздегі маңыздылықты айқындауға, пайдалы ақпаратты талдауға мүмкіндік береді.

•Азаматқа хабарланған кез келген мәлімет әңгімелесудің әр сатысында қарапайым және түсінікті, шынайы және нақты болуы тиіс; әңгіменің қисынын ұстану қажет, қорытынды сілтемеге қайшы келмеуін, салдардың себептен пайда болатынын естен шығармау керек.

•Өз сөзінің анықтығын, түсініктілі мен сауаттылығы туралы ұмытпау керек.

•Сөйлеудің тілдік құралдарын таңдау барысында үнемі тілдесушіге, жағдайға назар салу керек. Тілдесу кезінде келушіге деген ақ пейілді қарым-қатынас сезілуі тиіс. Өз сөзімен реніш көрсетуге, қорлауға, жақтырмауға тыйым салынады. Жағдаймен келіспей отырып та, ұнамсыз күйде қалуға болмайды.

•Сөйлеушіні тыңдай отырып, оның сөзін, ойын бөлмеуге, сөздері сізден кенет жағымсыз сезім тудырса да, орынсыз ескерту жасамауға тырысу керек.

•Егер әңгімеге бірнеше адам қатысатын болса, Сізге қойылмаған сұрақтарға жауап беру және Сізге қатысты емес сөзге назар аудару қажетті емес.

•Қосымша ақпарат алу үшін «Кешіріңіз, түсіндіріп жіберіңізші», «Кешіріңіз, айтып жіберіңізші», «Қандай жағдайда екенін мен түсінбедім» және т.б. деген сұрауларды қолданыңыз.

•Барлық қажетті ақпаратты анықтағаннан кейін хабарламаны (арызды) тіркеу бойынша шаралар қабылдаңыз.

•Келушінің өзі қажет кабинетті іздеп, дәліз кезіп, кездескендерден іздеген адамды сұрап жүруіне мүлдем жол берілмейді. ПО лауазымды тұлғасын азаматпен кездесу үшін ветибюльге шақыру керек.

Даулы мәселені шешудің кейбір ұсыныстары:

Бірнеше қарапайым қадам ашу-ыза үстіндегі азаматты жылы шырайлыға айналдырмақ.

• Азаматқа ойындағысын толық айтуға мүмкіндік беріңіз. Ызалы адам «ашуын басу» керек, сол үшін азаматқа ішіндегісін тарқатуға, «көңіліндегісін» айтуға мүмкіндік беріңіз.

•Азаматты мұқият тыңдаңыз. Оны бөлмеңіз. Қарсы шықпаңыз. Ешқандай мысалдар келтірмеңіз, өйткені шарасыз күйдегі адам сізді түсінбейді, сізге сенбейді.

•Қандай күйді басыңыздан кешсеңіз де, байсалдылық танытып, дауыс көтермеңіз. Сіз неғұрлым салмақты және тұйық болсаңыз, азамат соғұрлым тез тынышталады. Ашу бар жерде ақыл тұрмайтынын естен шығармау керек.

•Түсіністік пен жанашырлық танытыңыз, қажет болған жағдайда азаматтан кешірім сұраңыз.

•Болған жағдайға өз әріптестеріңізді немесе басқа мемлекеттік қызметшілерді кінәламаңыз, жаңа келгендердің тәжірибесіздігімен түсіндіруге немесе жеке «нашар» жұмыскерге итермелеуден сақ болыңыз. Бұл барлық мемлекеттік қызметтің абыройын дақ түсіреді.

•Шұғыл шара қолданыңыз. Пайда болған түсініспеушілікті тез арада жою үшін барлық күш-жігерді салыңыз. Мәселені өзіңіз шеше алмасаңыз, алдын ала келуші туралы ақпаратты ұсынумен және мәселенің мән-жайын түсіндірумен жауапты басшыны шақырыңыз, не болмаса басқа құзыретті адамға немесе ұйымға жолдаңыз.

Лауазымды тұлғалардың құқықтық тәртіпті ұстану бойынша мінез-құлқы кодексінің 1-бабы 17.12.1979 ж. БҰҰ Бас Ассамблеяның 34/169 резолюциясымен қабылданған.

Қызметкерлер мен әскери қызметшілердің жауаптылығы:

•Полиция мен Ұлттық ұланда қызметтік тәртіп – барлық қызметкерлер мен әскери қызметшілердің қызмет өткеру мен ант қабылдау мәселелерін реттейтін заңнамада айқындалған мінез-құлық нормаларын міндетті түрде сақтау.

Қызметтік міндеттерін іске асыруда қызметкерлер, әскери қызметшілер және ішкі істер органдары жұмыскерлері адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын, сондай-ақ жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзған жағдайда ПО бұл құқықтарды қалыпқа келтіруге, келтірілген залалды өтеуге, кінәлілерді ҚР заңдарына (ҚР «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 6-т. 3-тт. және «Ұлттық ұлан туралы» Заңының 5-т. 3-тт.) сәйкес жауаптылыққа тартуды қамтамасыз етуге міндетті.

Мемлекет ПО атынан заңсыз әрекеттер нәтижесіндегі материалдық және моральдық залалды өтеген жағдайда ҚР АҚ 933-б. және ҚР КК 123-б. сәйкес мемлекет қызметкерден немесе әскери қызметшіден залал сомасын регрессивті тәртіпте өтеу бойынша шаралар қабылдауға құқылы.

Олар өз кезегінде қызметтік тәртіпті бұзғаны үшін жасаған қылмыстың дәрежесі мен сипатына қарай ҚР заңнамасына сәйкес тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылады.

Полицияның жағымды абыройын сақтап қалу және нығайту, ең алдымен, қызметкерлердің жеке қасиеттеріне, кәсіптік біліміне және машықтарына, олардың іскерлік этиканы ұстануына байланысты. Жоғарыда аталған ережені толық және мүлтіксіз ұстану олар үшін өздеріне, өз әріптестеріне және қоластындағыларға қойылатын міндетті талап болуы тиіс.

Қызметкердің ұсынылған мінез-құлық нормалары:

- қоғамның құқықтық тәртіп органдарына деген сенімін арттыруға;
- азаматтардың әрбір адамның заң алдындағы теңдігіне сенімін қалыптастыруға;
- халыққа азаматтардың қажеттіліктерін қанағаттандыратын сапалы құқық қорғау қызметтерін ұсынуға;
- полиция қызметінің беделі мен мәртебесін асыруға көмектеседі.

Қызметкерлер мен Ұлттық ұлан әскери қызметшілері мінез-құлықтарының басты нормалары мен ережесі:

- мұқият болу;
- ниеттес болу;

- азаматтарға, әріптестеріне және өзіне көмектесуге дайын болу.

Өзара әрекеттесудің басты қағидалары:

- кез келген қажет жерде мұқият, ниеттес қарым-қатынастың құндылығын түсіну;

-мұқияттылық пен көмек көрсету шеберліктерін, дағдыларын сәйкестендіру және қолдану;

-азаматтарға көмек көрсету бойынша өзге де құқық қорғау органдарымен тығыз байланыста жұмыс жасау қажеттілігін ұғыну;

-азаматтармен өзара әрекеттесу кезінде ішкі ұйымдастырушылық мүмкіндіктерін білікті пайдалану;

-қызметтік міндеттерді түсіну және оны қорқынышсыз, пайдакүнемсіз, жалған сенімсіз атқаруын көрсете білу;

-адам мінез-құлқының түрлі формаларының ерекше көріністерін дұрыс талдау (сексуалдық, діни, көпшілік және басқа);

-қалыптан тыс жағдай туындағанда мәдени, этникалық, ұлттық құндылықтардың әсерін ұғыну;

-полиция мәдениетінің теріс және жағымды аспектілерін білу және қолдану;

-жергілікті тұрғындармен өзара байланысты дамыту және жетілдіру, түрлі субмәдениет ұстанушыларымен өзара түсінушілік және сенім ахуалын қалыптастыру (жастар, заңмен

қиындықтары болғандар, дәстүрден тыс діни оқулар, қарт адамдар және т.б.);
-түрлі санаттағы азаматтармен полициялар қарым-қатынасының кейде неліктен күрделенетінін жақсы білу.

ЖАНЖАЛДАРДЫ ШЕШУДЕ КӘСІБИ ШЕБЕРЛІК ПЕН ДАҒДЫЛАР

Мақсаты: шиеленіс пен даулы жағдайларды шегеру үшін қажетті басқарушылық икемдерін қалыптастыру;

- даулы мәселелерді басқарудың нақты деңгейлері мен әдістерін түсіну және көрсету;
- дауды реттеуде тәрбиелік сипаттағы конструктивті амалдарды пайдалану;
- даулы жағдайлар туындаған кезде полицейлік рәсімдер мен тәсілдерді дұрыс қолдану;
- «келіссөз жүргізушінің» икем-машықтарын иемдену және дамыту (тыңдай білу, тыңдата білу, сендіру және дұрыс қорытынды жасау);
- Ашық және адал, саналы (мән-жайға сәйкес орынды) мінез-құлық үлгісін көрсету.

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАЙ БІЛУ

Мақсаты: саналы шешімдер қабылдау (іске қатысты).

- белгілі мән-жайлар мен жағдайларда заңға, қызметтік саясатқа, шешім қабылдау салдарына, мүдделі адамдардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарына, оқиғаға қатысы барлардың құқықтары мен бостандықтарына қатысты іс-әрекетті таңдауда басты критерийді ұғыну.
- нақты жағдайларды бағалаудың басты критерийлерін сәйкестендіру және олармен санасу (сұрапыл көтеріліс, спорт жанкүйерлері, террорлық акт және басқа).

Төмендегілердің түрлерін білу, сондай-ақ бағалай және тани білу:

- психикалық науқастану, ақыл-есі дамуының кемістігі, сырқаттар белгілері, маскүнемдік және нашақорлық жағдайларында жеке тұлғаның мәнез-құлқы;
- әдептілік сипаттағы мәселелер (әдеп, мораль, кәсіпқойлық негіздері және т.б.);
- психологиямен және адам мінез-құлқымен байланысты мәселелер (күйзеліс, жабығу күйлері, суицитке бейімділігі және т.б.);
- отбасылық және тұрмыстық жанжалдарды талдау;
- үдерістің әр сатысында жаңа ақпаратты талдауда икемділік таныту;
- өздігінен шешім қабылдау қажеттілігін түсіну және азаматтар тарапынан қолдау көру және олардың сеніміне бөлену мақсатында осы

шешімдерді түсіндіре білу және дәлелдермен растау;

- беделді түсіру әдістерін қолдану өз міндеттері мен жауаптылықтан босату амалы еместігін ұғыну;
- оқиғаға тартылған тараптардың назарына өз шешімдерінің мазмұнын тиімді жеткізу.

ТОПТЫҚ ӘРЕКЕТТЕРМЕН ЖҰМЫС ДАҒДЫЛАРЫ

Мақсаты: полиция бөлімшінің ішіндегі, сондай-ақ тыс топтық әрекеттер мен жағдайларды тиімді басқару;

- топ арасындағы және топ ішіндегі қарым-қатынас әрекеттеріне әкелетін факторларды талдай білу;
- адамды топтық нормаларға бағындыру мақсатымен көрсетілетін топтық қысым процестерін түсінуді дамыту;
- адамның топқа әсерін түсінуді дамыту, осы білімді саналы түрде пайдалану қажеттілігін мойындау, сәйкесінше қажет жағдайларда топтық процестерге ықпал ету;
- топты ұжымдастыратын факторларды анықтау және талдай білу;
- топтан тыс процестер табиғатының адамға, жеке жалған сенімдері мен топқа деген жайлы мінез-құлықты таңдауға әсер ететін стереотиптеріне әсерін түсіну;

- өзіне есеп бере білу, топқа қатысты өшпендік, ашу және тұйықтық сезімдерін, бұл сезімдер қасақана туындаса да бақылау;
- әр топта біз келісетін немесе келіспейтін түрлі нормаларды болатынын білу, бірақ топтардың оларды бағалайтынын мойындау.

ТҮЛҒАЛЫҚ ӨЗАРА ӘРЕКЕТТЕСУ ДАҒДЫЛАРЫ

Мақсаты: түлғалық өзара әрекеттесу бойынша біліктілікті дамыту;

- тиімді қарым-қатынастың кедергілерін білу, осы кедергілерді жеңу мен жоюдың жолдарын білу;
- қарым-қатынас кезінде тыңдай білу қасиетін көрсету, әңгіменің егжей-тегжейін есте сақтап, айту;
- әңгімелесумен теңесуге тырысу, қашықтық сақтай отырып, оны өзіне жақын ұстай білу;
- адамдардың ісі мен сөзіне қызығушылық таныту маңыздылығын, көмек-қолдау көрсетудің қажеттілігін түсіну;
- әріптестермен және азаматтармен өзара қарым-қатынастарды дамыту және ұстану маңыздылығын бағалау;
- атқарылып жатқан жұмыстың тиімділігіне ықпал етуі мүмкін сыртқа қысымпреодолевать амалдарын, жалған нанымдары мен стереотиптерді жеке білу;
- түрлі жағдайларды танып-білу техникасын жетілдіру, басқа адамдардың эмоциялары мен

сезімдерін ескеру және назарға алу қажеттілігін ұғыну, өз сезімдеріне ие болу.

ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ КӘСІПТІК БІЛІКТІЛІГІ

Мақсаты: заңды қорғау;



1. қолданыстағы заңнама мен құқықтық рәсімдер бойынша білімдерді орынды және жетік қолдана білу. Егер сіз заңның қандай да бір нормасын білгіңіз келсе, ұялы телефон арқылы қолдануға болатын «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі бар;
2. заңдылық аясында қорғаудың амалдарын дамыту, қауіп төндіретін қоғамдық тәртіпсіздік пен жаппай көтерілуді болдырмау және алдын алу туралы түсінуді жетілдіру мен олар туралы білімді толықтыру;
3. қойылған міндеттерді шешуде жекелік және топтық өзара байланысты көрсету;
4. қоғам және мемлекет алдында өз орнының әлеуметтік маңыздылығы мен аса жауаптылығын ұғыну. Өз кәсіби абыройы мен ішкі істер органдарының іскерлік беделінің қамын ойлау;
5. адам мен азаматтың құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін жынысына, нәсіліне, ұлтына, тіліне, тегіне, мүліктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне, дінге көзқарасына, нанымына, қоғамдық бірлестіктерге жатуына, сондай-ақ кез келген өзге жағдаяттарға қарамастан қорғау.

**Халықпен тілдесу кезіндегі полиция
қызметкерлерінің мінез-құлық үлгісі**

3. Халықпен тілдесу кезіндегі полиция қызметкерлерінің мінез-құлық үлгісі

Жеке адамдарға жүгіну кезінде қызметкерлердің міндеті:

ҚР «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 19-б. 5-т. 1-тт.

	<i>лауазымын, тегін, аты-жөнін атап, өзін таныстыру</i>
	<i>қызметтік куәлігін көрсету;</i>
	<i>жүгінуші адамды мұқият тыңдау;</i>
	<i>өз уәкілеттігі аясында шаралар қолдану немесе қойылған сұрақ шешімінің кімнің құзыретіне жататынын түсіндіру; жүгірудің себебі мен мақсатын хабарлау</i>

Қазақстан Республикасының «Ішкі істер органдары туралы» Заңы Ұлттық ұлан әскери қызметкерлерін де қамтиды, өйткені Қазақстан Республикасы «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 7-бабы 1-тармағына және «Ұлттық ұлан туралы» Заңның 1-бабы 1-тармағына сәйкес Ұлттық ұлан ПО жүйесіне енеді.

Басқа адамдардың өзіңізге қалай қатынасқанын қаласаңыз, өзіңіз де басқаларға солай қараңыз, бұл адамдарға ұнаудың дұрыс жолы.

Азаматпен сөйлесуден бұрын оны мұқият тыңдаңыз, оның айтып жатқан мәселесін өзіңіздікіндей көріңіз, осы жағдайда сіздің әрекетіңіз қандай болар еді (психологияда мұны – эмпатия сезімі).

Егер сіз адамдармен қарым-қатынаста шынайы, әділ және ақ пейілді, заңды орындауда турашыл болсаңыз, олардың да сізге деген қарым-қатынасы осындай болмақ.

Егер сіз заңды бұзбай адамға жәрдемдесу мүмкіндіне ие болсаңыз, осы мүмкіндікті пайдаланыңыз.

Лауазымды тұлғалардың құқықтық тәртіпті ұстану бойынша мінез-құлқы кодексінің 1-бабы 17.12.1979 ж. БҰҰ Бас Ассамблеяның 34/169 резолюциясымен қабылданған.



ҰМЫТПАҢЫЗ

Қызметкер мен әскери қызметшілер өз міндеттерін атқаруда адамның ар-намысын құрметтейді және қорғайды, адамның құқығын қолдап, қорғайды (Лауазымды тұлғалардың құқықтық тәртіпті ұстану бойынша мінез-құлқы кодексінің 2-бабы 17.12.1979 ж. БҰҰ Бас Ассамблеяның 34/169 резолюциясымен қабылданған).

Сіздің басты міндетіңіз – адам мен азаматтың өмірін, денсаулығын, құқықтары мен бостандықтарын құқыққа қайшы қолсұғушылықтардан қорғау (ҚР «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 6-т. 1-т 1-тт. және «Ұлттық ұлан туралы» Заңының 5-т. 1-т. 1-тт.)

Азаматтық тұлғамен кез келген сіздің қарым-қатынасыңыз мемлекет туралы және құқық қорғау органдары туралы жағымды не теріс ой қалдырады.

Теріс қылық есте жақсы сақталады, ол туралы көп айтылады және барлық қызметкерлер мен әскери қызметшілерді сынайды.

Агрессия, дөрекілік және бейжайлық тек Сізге ғана теріс әсерін тигізбей, сонымен қоса барша құқық қорғау жүйесіне кері әсерін тигізбек.

Агрессиялы азаматтарды өзін өзі салмақты ұстауға қалай тартуға болады?

Ең алдымен, сіз сұхбат жүргізуге дайын екеніңізге сенімді болуыңыз керек.

Осы мақсатта келесі ұсыныстарды пайдаланыңыз:

Әңгімен сыпайлықпен бастау керек, субординация мен өз эмоцияңызды ұстай білген жөн.

Сөзді бөлмеңіз және мәселені бірден түсіндіруге тырыспаңыз.

Мұқият тыңдаңыз және оған соңына дейін сөйлеуге мүмкіндік беріңіз.

Кінәні басқа қызметкерлерге немесе мемлекеттік қызметшілерге тақпаңыз, бұл барлық мемлекеттік қызметке сенімсіздік туғызбақ.

Үлкендерге құрмет көрсетіңіз.

Адамдардың барлығына «Сіз» деп қарым-қатынас жасаңыз.

Азаматтан алдын ала сыпайы түрде мәліметтерді біліп, аты мен әкесінің атын атап, жүгініңіз. (кез келген адам үшін оның есімі ең жағымды үн екенін ұмытпаңыз).

Сөз барысында салыстыру жүргізуге болады, мысалы «менің де ата-анам, бауырларым мен қарындастарым бар» деген сияқты.

Олардың да балалары немесе бауырлары сіздің орныңызда болып, қоғамды тәртіпті сақтауы және қызмет өткеруі мүмкіндігін мысал келтіріп, айта кетіңіз.

Нақты мәселе бойынша өз өкінішіңізді білдіріп, оқиғаны, оның туындау себебін ұғынуға тырысыңыз, мәселе шешімінің заңи тәртібін түсіндіріңіз.

Арызданушының мәселе шешімінің сіз ұсынған жолымен келісуін анықтаңыз немесе басқа жолын ұсынып, оны іске асырудың мүмкіндігін талқылаңыз.

Сөйлеу екпінінiзді, интонация мен ым-ишаратыңызды естен шығармаңыз (олар тым шапшаң, тым баяу, жоғары сарынды немесе сес көрсету сипатында болмауы тиіс).

Қысқа да нұсқа, сендіре жауап беріңіз.

Сұрақтарды жауапсыз қалдырмаңыз.

Ойыңызды аяқтаңыз.

Лауазымды тұлғалардың құқықтық тәртіпті ұстану бойынша мінез-құлқы кодексінің 1-бабы 17.12.1979 ж. БҰҰ Бас Ассамблеяның 34/169 резолюциясымен қабылданған.

Азамат бойында агрессия мен ашулану сезімдерін қандай әрекеттер туындатады?

- сіздің бассыздық және жақтырмаушылық мінез-құлқыңыз;
- сөзге, сұхбатқа немесе болып жатқан оқиғаға мұқиятсыздығыңыз бен бежайлығыңыз;
- азаматты қандай да бір себепсіз тоқтату (жаяу жүргізні немесе жүргізуші екеніне қарамастан);
- сіз тиісті түсінік бере алмаған және шешім жолын ұсына алмаған жағдай;
- сіздің даусыңыздың сарыны (өткір, мысқылшыл, арсыз);
- ұлттық ерекшеліктерімен немесе азаматтың мәдениетімен байланысты кейбір сөздерді қолдану ол үшін қорлау және кемсіту болып көрінуі мүмкін.

Азаматтармен қарым-қатынас кезінде олардың жақындарын, ар-намыс немесе жауаптылық сезімдерін алға тартыңыз.

Мысалы:

«өзіңіз ересек адам болсаңыз да баланың әрекетін жасап отырсыз»;

«өзіңізге осылай жасағанын қалар ма едіңіз»;

«сіздің ата-анаңызға біреулер осылай жасағанын қалар ма едіңіз»

«өз балаларыңызға осындай қарым-қатынас жасағаны жақсы ма»

Мұндай мысалдар тек жағдайға қарай және әңгімелесушіге байланысты ұстануы керек.

Өз сөзіңізді дұрыс құрып алыңыз, сұхбаттасушы сіздің сөзіңізбен немесе сұрақтарыңызбен үнемі келісуі тиіс.

Мысалы:

«Сіз Қазақстан азаматысыз ба?»

«Сіз өз еліңізді (қалаңызды) жақсы көресіз бе?»

«Сіз өз балаларыңыздың осы көркем бақта ойнап жүргенің қалар ма едіңіз?»

«Онда сіз неге қоқысты шашасыз?»

Азаматты тұлғаның қызметкерге немесе әскери қызметшіге оның құзыретіне кірмейтін келесі сұрақтар бойынша жүгінсе:

1. паспортты, жеке куәлікті, жүргізуші куәлігін және басқа құжаттарды қайдан және қалай алуға болады;

2. ажырасу мәселесімен қайда жүгінеді, мүлікті бөлу, алимент төлеу туралы мәліметтер мен өзге де азаматтық-әлеуметтік саладағы сұрақтар, мүмкіндігінше, жадынамада көрсетілген қызмет нөмірін беріңіз немесе орналасқан жерін түсіндіріңіз.

Егер өзіңіз шеше алмасаңыз, жағдай туралы орган бойынша кезекшіге жолдаңыз.

Полиция қызметкерлерін дайындаудағы шетел тәжірибесінің нәтижесі және оны не үшін қабылдау қажет?






Біздің жерлесіміз Шымкент қаласында туып-өскен Димаш Ниязов қызметіне лайық ерекше жетон мен марапатқа ие болды. Ол наркобаронды ұстап, Бруклиндегі өз учаскесінде қылмыс деңгейінің төмендеуіне қол жеткізді.

Бір сұхбатында Димаш полиция қызметкерінің жолы оңай емес, бірақ өмірде оңай нәрсенің болмайтынын атап өтті. Мақсатқа талпынып, жұмыс істеу керек. Оның басты арманы орындалды – ол Нью-Йоркте полицейлік болып қызмет атқарады.

**Азаматтың құқықтары мен
бостандықтары заңға қызмет етудің
басты құндылығы ретінде**

4. Азаматтың құқықтары мен бостандықтары заңға қызмет етудің басты құндылығы ретінде

Қызметкерлер мен әсери қызметшілер жеке адамдардың тұлғасын куәландыратын құжаттарын тексеруге құқылы (ҚР «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 2-б. 2-т. 2-тт. және «Ұлттық ұлан туралы» Заңының 5-б. 2-т. 2-тт.)

	<i>қылмыс жасады деген күдікке негіз болған жағдайда</i>
	<i>азаматтың іздеуде болған жағдайында</i>
	<i>азаматқа қатысты әкімшілік немесе қылмыстық іс қозғау негізі болған кезде</i>

«Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 9-б. 1-т. сәйкес ҚР аумағында тұрақты өмір сүретін азаматтардың жеке куәліктері болуы керек.

Алайда заң азаматтың құжатты үнемі өзімен бірге ұстауын міндеттемеген.

Құжаттары болмаған жағдайда азаматтан олардың қайда екенін біліп, қажет жағдайда азаматпен бірге бару керек.

Жеке тұлғаны куәландыратын құжаттарға:

ҚР «Жеке басты куәландыратын құжаттар туралы» Заңының 1-б. 1-ден 6-ға дейінгі, ҚПК 300-б. 1-9 ескертулері)

-паспорт;

-жеке куәлігі;

-ҚР шетелдің мекендеу қағазы;

-қайтып оралу куәлігі;

-жеке куәлік алуға жасы жетпеген адамның туу туралы куәлігі;

-жүргізуші куәлігі;

-туу туралы акт жазбасы;

-әскери билет.

Қызметкерлер ПО жүктелген ережелерді сақтауды тексеру үшін қажетті құжаттарды тексеруге құқылы Қызметкерлер орындалуын бақылау белгіленген үшін жеке тұлғалардан, егер:

-жол қозғалысы ережесін және жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты нормативтерді (патрульдеу кезінде қолданылатын жалғыз норма, қалғаны азаматтардың ПО тиісті қызметке жүгінуі кезіндегі құзыретке кіреді);

- жүргізуші куәліктерін беру, идентификациялық номері бойынша көлікті мемлекеттік тіркеу және оларды есепке алу;
- жеке куәлікті немесе ҚР азаматының паспортын, шетел азаманының ҚР мекендеу қағазын, азаматтығы жоқ тұлға куәлігін беру;
- ҚР азаматтарын есепке алуды, тұрғылықты жері бойынша тіркеу немесе тіркеуден шығару, тұрғылықты жері бойынша құжаттарды рәсімдеуді іске асыру;
- заңсыз көш-қонды болдырмау бойынша шаралар қолдану, шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарды есепке алу және тіркеу, ҚР шығу, кіру мен қалу және ҚР аумағы арқылы транзиттік өтудің ережесін сақтауды бақылау;
- шетелдіктерге және азаматтығы жоқтарға ҚР аумағына кіруге визалар, уақытша қалуға және тұрақты өмір сүруіне рұқсат беру;
- босқын немесе баспанасыз адам мәртебесін беру, ұзарту, айыру және тоқтату рәсімдерін іске асыру;
- жеке және заңды тұлғалардың азаматтық және қызметтік қару және олардың оқ-дәрілері, азаматтық пиротехникалық заттар мен бұйымдар мен олардың қолданылуын, есірткі, психотроптық заттар мен прекурсорларды айналымының бекітілген ережесін сақтауды тексеру нысанында бақылауды жүзеге асыру. «Ішкі істер органдары туралы» ҚРЗ 6-б.

Сіз бағыт-бағдар бойынша азаматты тоқтаттыңыз. Егер азамат жеке басын куәландыратын немесе көлік құралының құжаттарын көрсетуден бас тартқан жағдайда сіздің әрекетіңіз қандай болады?

Танысу, азаматтың бірінші талабы бойынша қызметтік куәлікті көрсету.

Тоқтату себебін хабарлау (тәртіп бұзушылық немесе белгілі адамның немесе көліктің іздеудегі бағыт-бағдары және ұқсастығы жөнінде).

Бас тарту себебін анықтау қажет. ҚР «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 6-б. 2-т. негізінде құжаттарды тексеру құзыреттігі жөнінде сыпайы түрде айту және келесіні еске салу керек:

-«жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәліксіз, не болмаса тұрғылықты жерде тіркеусіз өмір сүру ҚР ӘҚК 492-б. бойынша әкімшілік құқық бұзушылыққа тартылады»;

-көлік құралын жүргізуші куәлігінсіз немесе уақытша куәліксіз, сақтандыру полисісіз, тіркелмеген көлік құралын немесе жалған нөмерлі құралын жүргізу ҚР ӘҚК 590, 612-бб. сәйкес әкімшілік жауаптылыққа тартылады.

Егер азамат құжатты ұсынып, бұдан әрі оны ұстаудың қажеті болмаған жағдайда міндетті түрде:

-азаматқа алғыс айту;

-мазалағаныңыз үшін кешірім сұрау;

-саналы азаматтық көзқарасы үшін алғыс айту;

-ақ жол тілеу.

Егер айналадағы адамдар құқық бұзушыны ұстау барысында оны ақтап, жалған мәліметтер айтып, қызметкерлер немесе әскери қызметшілерге қатысты жалған ақпарат беріп, жала жаппақ болса, не істейсіз?

Ұялы телефон диктофоны немесе фотокамерасын, болған жағдайда бейне тіркеушіні қосу қажет, бұл келесіде Сіздің әрекеттеріңіздің дұрыстығын дәлелдемек.

Алдымен анықтау қажет:

- осындай мінез-құлықтың себептерін;
- куәгер ретінде келген адамның тегін, атын және әкесінің атын;
- оқиғаға қатысушылардың құқық бұзушыны білу-білмеуін;
- құқық бұзушының нақты қандай әрекеттерге жол бергенін, жауаптылығы мен қылығының қауіптілігі дәрежесін анықтау;
- олардан бөтен адамдар өздеріне жала жапса, немесе құқық бұзушы өздеріне қатысты құқыққа қайшы әрекет жасаса, қандай әрекет қолданатын анықтау;
- заңның кез келген бұзылуына төзімсіздік көзқарасын талап ету («Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті нығайту және дамыту тұжырымдамасын

бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 28 желтоқсандағы № 147 Жарлығы);

- белсенді азаматтық ұстанымы үшін маңайдағы адамдарға алғыс білдіріп, қажет болған жағдайда куәгер ретінде тартылатынын ескерту керек;
- куәгер ретінде тартуға өтініш білдірген адамдарға жалға куәлары үшін бостандығын шектеу немесе айыру (ҚР ҚК 420 б.) түрінде жаза қолданылатынын түсіндіру.

Егер Сізді міндеттеріңізді атқару үстінде құқық бұзушы немесе басқа адамдар бейне- не болмаса аудио жазбаға түсірсе (ұялы телефонға немесе басқа құрылғыға), сіздің әрекеттеріңіз қандай болады?

Тыйым салынады:

1. ұялы телефонды қолынан жұлып алуға (фотоаппарат, бейнекамера);
2. фотоға немесе видеоға түсіруге;
3. айғалауға немесе ұрысуға.

Міндетті түрде:

1. арандатушылыққа берілмей, өзін байсалды ұстау керек;
2. фотоға, видеоға түсірушіге белсенді азаматтық ұстанымы үшін алғыс айту қажет;
3. азаматтың атын, тегін және әкесінің атын, мекенжайын анықтау керек.

Хабарлау қажет:

1. қызметтік қажеттілікке байланысты ҚР «Ішкі істер органдары туралы» Заңының 15-б., ҚР ӘҚК 816-б., ҚР ҚПК 261-б. сәйкес жазбалар талап етілуі мүмкін;

2. азамат фото-бейне түсірілімді қандай да бір адамның немесе құқық бұзушының құқық қайшы әрекетін әшкерелеу үшін қолдануы мүмкін;

3. фото-бейнекамераға түсірілетін адамның келісімінсіз ақпарат үшін, достарына немесе Интернет-ресурсына (ютуб), месенджерлерге (ватсап, агент және т.б.) таратуға (жіберуге) АҚ 145-б. сәйкес тыйым салынады, себебі бұл азаматтық-құқықтық жауаптылыққа әкелуі мүмкін.

Естен шығармаңыз:

бейнежазба Сіздің әрекетіңіздің дұрысытығының дәлелі бола алады, сонымен бірге ҚР ӘҚК 39-б. және ҚР ҚПК 3-тарауына сәйкес біліксіздігіңіздің дәрежесін көрсетеді.



Қоғамдық жерде жалаңаш адамды немесе адамдар тобын көрген қызметкердің немесе әскери қызметшінің әрекеттері қандай болуы тиіс?

Азаматты тоқтату.

Азаматты автокөлікке отырғызу немесе өзіңізде бар артық киіммен оның үстін жабу.

Азаматтың неліктен киімсіз қалғанын анықтау.

Егер азамат саналы түрде киімсіз жүрсе және өзінің мінез-құлқымен қандай да бір наразылық көрсетсе, маңайдағыларға жәбір көрсетсе, қоғамда теріс ахуал туындатса, мұндай заңсыз әрекеттердің жолын кескен жөн (ҚР ӘҚК 434-б.).

Әскери қызметкерлер мұндай құқық бұзушыларды заңды процессуалдық шешім қабылдауға құқылы полиция қызметкерлеріне ұстап беруі тиіс.

Егер азаматтың киімсіз қалуы басқа біреулердің құқыққа қайшы әрекетінің (тонау, ұрлау және т.б.) нәтижесі болса, кезекшіні, авто немесе басқа да патрульді құқық бұзышыны іздеу үшін хабардар ету керек.

Ол үшін құқық бұзушылар туралы барлық белгілі ақпаратты азаматтан сұрап білу қажет (бойы, жасы, ұлты, киімі, шашының түсі және т.б.).

Егер азаматтар әкімшілік құқық бұзушылық (қоғамдық орындарда темекі тарту, ішімдік ішу, тыныштықты бұзу, көліктің қосылмаған шамдары және т.б.) үшін жауаптылықтан алшақ болуы үшін оның болмашылығын алға тартса, Сіздің әрекетіңіз қандай болады?

Бірден мұндай шектеулердің енгізілу себебін түсіндіріңіз.

Мысалы:

- жол-көлік оқиғаларын болдырмау үшін көлікте үнемі шамдары қосылып тұруы тиіс;
- тәуліктің белгілі уақытында тыныштықты бұзу құқыққа қайшы әрекет, яғни әкімшілік жауаптылыққа тартылуға жатады.

Құқық бұзушылықтың қоғамдық қауіпсіздігінің сипаты мен дәрежесіне қарай санкция «ескерту» түрінде қарастырылған жаза жағдайда бірінші рет ҚР ӘҚК 43-б. сәйкес жазбаша түрде қолдану ұсынылады.

Жазбаша ескертуді жазып, азаматқа қайтадан құқық бұзулыққа жол бермеуді түсіндіру керек.

Егер құқық бұзушы сіздің нысанды киіміңізді (погондарды жұлса, қалтаңызды жұлса және т.б.) жыртса, қандай әрекет жасайсыз?

Сіз құқық бұзушының әрекетін белгілеп, материал дайындап, жауаптылыққа тартуға тиіссіз.

Егер Сіз заңсыз әрекет жасасаңыз, бұл кері салдарға әкелуі мүмкін (қызметтен босату, соттау, бостандығынан айыру және т.б.).

Жақын арада Сіздердің әріптестеріңіз осыған ұқсас оқиғаға тап болғаны естеріңізде. Олар заңға сәйкес арандатушылыққа берілмей, байкерлерге самбо амалдарын қолданып, материал құрастырып, жауаптылыққа тартқан. Бұл арада көптеген тартыс пікірлер болды. БАҚ-тың көптеген оқырмандары полицияның өз өкілеттіктерін асыра пайдаланған нұсқаны ұстанды.

Алайда, құқық бұзушылардан алынған бейнетаспалардағы жазылымдарды толыққанды зерттеудің нәтижесінде және куәгерлердің көрсетулері бойынша полиция қызметкерлерінің әрекеттері заңды деп танылды.

Шешім қабылдамас бұрын, ақыл елегінен өткізіңіз.

Азаматтың қоғамдық орында алкогольдік масаң жағдайда көрінуі (жүруі) қандай жағдайда заңға қайшы деп саналады?

Адамның абыройына және қоғамдық ұстанымға қорлық көрсететін алкогольдік масаң жағдай (сөйлесу кезінде балағат сөздерді қолдану, олпы-солпы, салақ, киімсіз, жерде жатқан және т.б.).

Қоғамдық орындарда кәмелетке толмағандардың (18 жасқа толмаған) алкогольдік масқаң күйінде жүруі.

Осындай фактілердің анықталған жағдайында құқық бұзушыға немесе олардың заңды өкілдеріне қатысты шаралар қолданылады.

Егер адам алкогольдік масаң күйінде таза, ұқыпты, өзін лайықты ұстап, ешкіммен дауласпаса – бұл құқық бұзушылық емес.

ҚР ӘҚК 440-б. - Алкогольдік ішімдіктерді ішу немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келу.

Қандай жағдайларда қоғамдық орындарда алкогольдік ішімдіктерді ішу заңға қайшы емес?

Жергілікті атқарушы органның рұқсатымен алкоголь бөліп сатылатын сауда және қоғамдық тамақтану орындарында (кафе, барлар, мейрамханалар және т.б.) алкогольдік ішімдіктерді ішу.

Темекі бұйымдарын қолдануға тыйым салынады:

1. білім беру ұйымдарында, оның ішінде кәмелетке толмағандардың демалыс орындарында;
2. денсаулық сақтау орындарында;
3. қоғамдық тамақтану орындарында;
4. кинотеатрларды, театрларда, циркте, концерт, көрме залдарында, спорт ареналарында

және көпшілік демалатын басқа да жабық құрылымдарда, оның ішінде түнгі клубтарда, дискотекаларда;

5. мұражайларда, кітапханаларда, лекторияларда;

6. кіреберістерде теңіз жіне өзең көліктерінде көрсетілмеген жерлерде;

7. әуе кемесінің бортында, жолаушыларды тасымалдау кезінде автобус, микроавтобус, троллейбус, такси және қалалық рельсті көлік салонында;

8. әуежай, теміржол, автокөлік және су вокзалдары ғимараттарында;

9. мемлекеттік органдарда және ұйымдарда;

10. жұмыс орны болып табылатын бөлмелерде;

11. үй кіреберістерінде.

Темекі бұйымдарына рұқсат етіледі:

- егер қоғамдық тамақтану орындарында темекі шегуге арналған арнайы орындар болса (тамақ пен сусын ішпейтін жер).

- мұндай орындар әуе кемесінің бортында, жолаушыларды тасымалдау кезінде автобус, микроавтобус, троллейбус, такси және қалалық рельсті көлік әуежай, теміржол, автокөлік және су вокзалдары ғимараттарында болуы мүмкін.

ҚР «Халықтың денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 159-б.

ҚР ӘҚК 441-б. кейбір қоғамдық орындарда темекі бұйымдарын пайдалануға тыйымды бұзған үшін жауаптылық қарастырады.

1. ҚР заңнамасымен темекі бұйымдарын пайдалануға тыйым салынған кейбір қоғамдық орындарда темекі бұйымдарын пайдалану,

- жеке тұлғалар үш айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлеуге тартылады;

2. Осы баптың бірінші бөлігінде қарастырылған әрекет, әкімшілік жаза тағайындалғаннан кейін бір жылдың ішінде қайталанса,

-алты айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлеуге тартылады.

3. Жұмыс берушінің ҚР темекі бұйымдарын қолдануға арнайы орындар бөлуді қарастыратын заңнамасын бұзуы, сондай-ақ осы арнайы бөлінген орындарда темекі бұйымдарын пайдаланбаған адамдарға қатысты шаралар қолданбағаны үшін

-лауазымды тұлғаларға айыппұл он, заңды тұлғаларға –қырық айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл төлеу қарастырады.

**Құқықтық тәртіпті сақтау кезіндегі
қызметкерлердің және әскери
қызметшілердің әрекеттері**

5. Құқықтық тәртіпті сақтау кезіндегі қызметкерлердің және әскери қызметшілердің әрекеттері

Қоғамдық көпшілік іс-шаралар барысында мемлекеттік қызметшілер қызметтік куәліктерін көрсетіп, қоршаудан өтпек болғанда сіздің әрекетіңіз қандай?

Анықтап алыңыз:

- сізге қызметтік куәлікті көрсеткен адамның өкілеттігі қандай;
- қызметтік куәлікті көрсеткен адам кедергісіз өтуге негізі бар ма, ұйымдастырушылық іс-шараларға қатысады ма;
- кезекшіге байланыс құралы арқылы әрі қарай нұсқау үшін хабарлау.

Егер азаматтар қоғамдық көпшілік іс-шаралар өткізу кезінде жолды бөгеу себептері туралы сұрақтар қойып, құқық қорғау органдары қызметкерлеріне қатысты наразылық көрсетсе, сіз қандай әрекет жасайсыз?

Келесіні түсіндір:

- қолданып жатқан шаралар қоғамдық тәртіпті қорғау бойынша Сіздің өкілеттегіңізге жататынын;
- сіздің барлық әрекеттеріңіз тек азаматтардық қауіпсіздігі мен қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуге бағытталған.

Көпшіліктің агрессиясын қалай алдын-алу керек?

Жалпы көпшілікте жиналған адамдар төменгі интеллектке дейін төмендейді, оларда шынайылық шегі өшірліп, жекелік жоғалады. Адамдар жеке жауапкершіліктерінің жоқтығын қателесіп сезіне бастайды, **анонимдік** сезімі пайда болады. Адам өзінің алдында жеке әрекеттеріне жауап бермейді. Белгілі бір эмоцияларға берледі және санасыз бола бастайды, инстинктерге бағына бастайды.

Көпшілік агрессиясының алдын алу үшін белсенді қатысушыларды шынайылыққа қайтару, анонимдік сезімнен шығару қажет.

Көпшіліктегі адамдарға болып жатқанның барлығы бейнекамераға түсіріліп жатқанын хабарлау керек, видеоны көрген соң оның

әрекеттерін бағалауға болады, салдары туралы түсінік келеді.

Көпшілікке белсенді қатысушылардың аты-жөнін нақты атап айтумен жүгіну керек.

Көпшіліктің көшбасшысын, оның белсенді қатысушыларын жою бойынша шаралар қабылдау қажет. Егер қандай да бір кездейсоқ жағдайларда «ВОЖАК» -«БАСШЫ» жоқ болып кетіп, онын орнын ешкім баспаса, көпшілік белгілі бір мақсаттарсыз жай жиналған адамдар тобына айналады.

Көшбасшылар өздерінің қорғалуын ойлап, ортадан тұратынына назар аударыңыз.

Егер мүмкіндік болса, жеке мүшелердің назарын басқа жаққа аудару бойынша шаралар қабылдау қажет, бұл әдеттегідей көпшіліктің әртүрлі жағынан жасалады.

Көпшілік құрамы мыналардан тұратынын есте сақтаңыз:

1. Зевак – не болып жатқанын жай тамашалауға келгендер (қауіпті емес, бірақ белсенділерге сезіммен еретін).

2. Қауіп тобы (ештеңемен айналыспайтын, әдеттегідей өздерінің мақсаттарын іске асыруға тырысып жүрген жас адамдардан тұрады)

3. Белсенді – көшбасшылар (белгілі бір мақсаттары бар, оны таратуға тырысатын).

Егер құқық бұзушы жасы ұлғайған жастағы немесе қабілетсіз адам болса, Сіздің әрекетіңіз қандай болады?

Естеріңізде болсын, заңның алдында барлығы тең.

Қабілетсіз деп сараптама жолымен немесе адамның жай-күйін растайтын құжаттармен (анықтама, сот шешім және т.б.) анықталады.

Қандай жағдай болмасын құқық бұзушыға құрметпен қарау қажет.

Әскери жасақшылардың міндеті құқық бұзушыларды заңды процестік шешім қабылдауға құқылы полиция қызметкерлеріне тапсыру, полиция қызметкерлеріне оқиға туралы баянат және жазбаша түсініктеме ұсынады.

Егер санкцияда жазбаша ескертумен шектелу мүмкіндігі қарастырылса, шешім қабылдау кезінде осы мүмкіндікті пайдаланыңыз.

Егер күйеуі көшеде адамдардың көзінше әйелін ұрса, бірақ оны қызметкер немесе әскери қызметші ұстағаннан кейін, құрбан болған әйелі ашуланып, өкілеттілікті асыра пайдаландың дей бастаса, Сіздің әрекетіңіз?

Құқық бұзушылармен әңгімелесу жүргізу қажет.

Болған оқиғанын себебін білу керек.

Егер бұл профилактикалық әңгімелесуде көмектессе, онда оның және оның қызын, апасын,

немесе анасын ұрған басқа адам арасындағы әрекеттерді байланыстыру керек.

Мүмкін болса, сол орында құқық бұзушыға қатысты алдын алу шараларын қабылдау уәкілетті қызметкерді шақыру керек, «Тұрмыстық зорлық-зомбылықты болдырмау туралы» ҚРЗ 20-бабына және Ішкі істер органдарында профилактикалық есепте тұратын адамдарды профилактикалық бақылауды жүзеге асыру жөніндегі қағидаға сәйкес қорғау алғышартын шығару керек.

Мұндай мүмкіндік болмаған жағдайда қорлау құрбаны болған адамға полиция бөлімшесіне істі қарау үшін бару қажеттілігін түсіндіру.

Тұрмыстық қорлаудың құрбанына сыпайы түрде жалған жауап бергені, заң талаптарына қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етуші адамдарға және билік өкілдеріне бағынбағаны үшін әкімшілік немесе қылмыстық жауаптылық туралы ескерту.

Лауазымды тұлғалардың құқықтық тәртіпті ұстану бойынша мінез-құлқы кодексінің 1-бабы 17.12.1979 ж. БҰҰ Бас Ассамблеяның 34/169 резолюциясымен қабылданған.

Егер құқық бұзушы оның құқық бұзушылық жасағанына дәлелдер (сурет-видеотүсірілім) ұсынуын талап етсе, Сіз қалай әрекет етесіз?

Құқық бұзушыға түсіндіру:

• фото-бейнетүсірілім жалғыз дәлел болмайтынын;

- құқық бұзушылықты растау ретінде куәлардың түсініктемелерін, алынған заттарды (пышақ, шылым қалдығы, бөтелке және т.б.) қолдануға болатынын;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы хаттама құру кезінде куә ретінде әскери қызметшілер, куәгерлер, құқық бұзушылықты көрген өтіп бара жатқан адамдар бола алады;

- оның құқық қорғау органдары әрекеттеріне шағымдануға құқығы бар.

Құқық бұзушыны жауаптылыққа тарту үшін негіздеме болған барлық материалдар процестік шешім қабылдайтын адамға таныстыру үшін ұсынылатынын хабарлау.

Құқық бұзу өзіне дене жарақатын келтіргенде және құқық қорғау органдары қызметкерлерінің лауазымдық уәкілеттілігін асыра пайдаланғаны туралы жалған ақпарат берген жағдайда Сіз қалай әрекет етесіз?

1. болып жатқан жағдайды тіркеу бойынша шаралар қабылдау;
2. өз-өзіне дене жарақатын келтіруін алдын алу үшін құқық бұзушыны залалсыздандыру болған фактілер туралы кезекшіге хабарлау;
3. кезекшіге болған жайтты хабарлау;

4. жазбаша түрде тіркеуді қажет ететін куәлар түсініктемесінің көмегімен өзінің заңды әрекеттерді бекіту бойынша шаралар қабылдау;
5. құқық бұзушыға жауаптылық туралы ескерту;
6. аталған фактіні баянатта көрсетіп, басшылыққа хабарлау.

Басқа өмірді құтқару үшін өз өмірлеріне қауіп төндірді



Павлодар облысы Баянауыл ауданы ішкі істер бөлімінің қызметкерлері Мұрат Нұрсейітов және Баянбек Жүнісов.

Камаз бен оқушылар автобусының соқтығысуына жол бермеді.



Батыс-Қазақстан облысы Орал қаласының ІІБ ЖІП взвод командирлері – полицияның аға лейтенанты Мұхит Абулхайыров және полиция старшинасы Жеңіс Амирұлы.

Ер кісіні оттан шығарып алды.



Қандай жағдайда қызметкер немесе әскери қызметші дене күшін, арнайы құралдарды немесе қаруды қолдануы мүмкін?

Қызметкерлер және әскери қызметкерлер күшін өз міндеттерін орындау үшін қажетті жағдайда тек аса қажет болғанда қолдана алады (Лауазымды тұлғалардың құқықтық тәртіпті ұстану бойынша мінез-құлқы кодексінің 1-бабы 17.12.1979 ж. БҰҰ Бас Ассамблеяның 34/169 резолюциясымен қабылданған).

- өзін-өзі қорғау және шабуылға тойтарыс беру үшін;
- қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылыққа жол бермеу үшін;
- құқық бұзушылық жасаған адамды ұстау кезінде;
- заң талаптарына қарсылық көрсеткен жағдайда;
- жүргізушілері тоқтау заң талаптарын орындамаған көлік құралдарын тоқтатқан жағдайда.

Есте сақтау қажет тек құқық бұзушыны заңсыз әрекеттерді тоқтатуға көндіру мүмкін болмаған жағдайда күш қолданылады, сонымен қатар, **күш қолданғанға дейін** қызметкер және әскери қызметші міндетті:

- дене күшін, арнайы құрал және қару қолданатын ойы туралы ескерту;
- өз талаптарын орындау мақсатында күш, арнайы құралдар, қару, әскери және арнайы техниканы қолданатын адамдарға ойлануға уақыт беру;

Күш қолданғаннан кейін қызметкерлер және әскери қызметкерлер міндетті:

1. дене жарақаттарын алған адамдарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсетілуін қамтамасыз ету;

2. күш, арнайы құралдар, қару, әскери және арнайы техниканы қолдану нәтижелерінен болған жарақат немесе өлім барлық жағдайлар туралы кейінен прокурорға хабарлау үшін өз командиріне (бастығына) бірден баяндау.

«Құқық қорғау қызметі туралы» ҚРЗ 8-тарауы және «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» ҚРЗ 6-тарауы

Арнайы құралдар мен қаруды қолдануға тыйым салынады:

- жүктілік белгілері бар әйелдерге;
- мүгедектіліктің көрініп тұрған белгілері бар адамдар және жас балаларға.

Ескерту: әйелдер, мүгедектер және жас балалар топпен немесе өзге де шабуыл жасаған жағдайларды қоспағанда, сондай-ақ азаматтардың өміріне және денсаулығына қауіп болған кезде.

«Құқық қорғау қызметі туралы» ҚРЗ 62-бабының 2-тармағы және «Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» ҚРЗ 24-бабының 1-тармағы.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық ұланы туралы» ҚРЗ 24-бабында әскери қызметшілердің ескертусіз қару қолдану құқығы қарастырылған:

- азаматтардың денсаулығына және өміріне зиян тигізуі мүмкін қаруды және арнайы техникалық құралдарды қолданумен шабуылға қарсы тұру кезінде;
- түнде немесе шектеулі көруде күзеттегі сотталушы (күзетке алынған адамдар) қашқан кезде;
- қозғалыс кезінде көлік құралдарынан, теңіз немесе өзен кемеден қашу кезінде

ТҰРҒЫН ҮЙГЕ ЕНУ

Қызметкерлер мен әскери қызметшілер кедергісіз кіруге, тұрғын және өзге де бөлмелерді, аумақтарды, жер телімдерін (шетел мемлекеттері өкілдігінен және дипломатиялық иммунитетке ие халықаралық ұйымдардан басқа) қарауға құқылы:

«Ішкі істер органдар туралы» ҚРЗ 6-б., 2-т., 25-тт.



Қауіптілік деңгейлері

6. Қауіптілік деңгейлері

ОРТАША - терроризм актісінің жасалу мүмкіндігі жөнінде растауды қажет ететін ақпарат болған жағдайда.

ЖОҒАРЫ - терроризм актісінің жасалу мүмкіндігі жөнінде расталған ақпарат болған жағдайда.

ҚАТЕРЛІ – жасалған террорлық акт туралы, сонымен бірге қайта жасалуы мүмкін террорлық акт немесе террорлық тұрғыда осал нысандарға бір мезгілдегі террорлық актілер жөнінде расталған ақпарат болған жағдайда.

ҚР Президентінің 9.08.2013 ж. № 611 Жарлығымен бекітілген Терроризм актісі қатерінің туындауы туралы ақпарат мониторингінің және халықты хабардар етудің мемлекеттік жүйесінің ұйымдастырылуы мен жұмыс істеуі қағидаларының 8-т.

Практикалық кеңестер мен ұсыныстар

7. Практикалық кеңестер мен ұсыныстар

Ұжымда жарғыға сәйкес қарым-қатынас қалыптастыру мен оны нығайту мәселесі аса маңызды. Қызметте өзара қарым-қатынас қалпы ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалға ықпалын тигізетіні анық.

Қызметте өзара қарым-қатынас қалыптастыру үрдісіне түрлі факторлар әсер етеді және оның ішінде қызметкерлер мен әскери қызметкерлердің жеке қасиеттерін атап өту қажет. Сол себептен қарым-қатынас үрдісі мінездің, дағдылардың, ұстанымдардың кейбір кемшіліктерін өзгертуді, маңайдағыларға деген қарым-қатынасты қайта қарауды, адамдарды байсалды, салмақты бағалауды талап етеді.

1. Адамдармен қарым-қатынаста мейірімді болыңыз. Жұмыстағы сәттіліктер үшін бірге қуанып, келеңсіздік пен қиындықтарға бірге бастан кешкен жөн.

2. Адамдармен қарым-қатынас барысында ең алдымен, оның психикалық жағдайын бағалап алу керек.

3. Егер сізге біреудің кемшілігін көрсету керек болса, бұл жөнінде сөзіңіздің басында бірден айтпаңыз.

4. Басқа адамдармен қарым-қатынас кезінде қарым-қатынастың белгіленген жүйесі кезінде даулы өзара қатынас қалыптасуы мүмкін. Алдымен, «ренішті ұстап», «жанжалдан алшақ кетуге» тырысыңыз, «өзіңді қамықтыратын заттарға қатынасыңызды өзгертсеңіз, толық қауіпсіздікте боласың...» (Марк Аврелий, б.э. 1 ғ.)

Жұмыстағы күйзеліспен қалай күресуге болады?

1. Жұмыстың сізді басқаруына жол бермеңіз. Есте сақтаңыз, еңбек сіздің ағзаңыздың нақты қажеттілігі емес, табиғи мұқтаждықтарды қанағаттандыру үшін қаражат табуға бағытталған қажеттілік.

2. Аптасына кемінде бір-екі рет қоғамдық іс-шараларға уақыт табыңыз: театрға бару, достармен кездесу және т.б. Іс-шараларға өз жұмысыңызға сияқты жауаптылықпен қараңыз.

3. Міндетті түрде түстеніңіз. Ағзаға толық түстік үзіліс қажет: асханаға немесе дәмханаға қыдыру, бірнеше тағамнан тұратын ас мәзірін таңдау, асықпай тамақтану.

4. Жұмыста үзіліс жасаңыз. Сағатына 3-4 минут. Орныңыздан тұрып, тым болмағанда жұмыс үстелінің маңайында біраз жүріп қайтыңыз, бірнеше демалу жаттығуларын жасаңыз. Әріптестеріңізге жұмысқа қатысы жоқ бірнеше сұрақ қойыңыз.

5. Таза ауа жұтыңыз. Бөлмені желдетіп отырыңыз, егер мүмкіндік болса, түс кезінде міндетті түрде далаға шығыңыз.

6. «Жоқ» сөзін айтып үйреніңіз. Бұға берсең, сұға береді – бәрімізге мәлім мәтел. Өз күшіңізді шынайы бағалаңыз, өз ағзаңызға шамаңыз келмейтін жүкті түсірмеңіз.

7. Көмек сұраңыз. Кейде әріптестердің болмашы қол ұшын тигізуі жұмысты атқаруға жұмсалатын уақытты ұтуға әкелетінін байқауға болады.

8. Күш-жігеріңізді саналы түрде бөліп, жұмысты жоспарлаңыз. Сізге берілген уақыттан артық жұмыста кешікпеу қағидасын естен шығармаңыз. Үйге кетер алдында ертеңгі күнге жұмыс жоспарын

дайындаңыз. Жұмыстан үйге шығатын уақыттан жарты сағат бұрын істеріңізді аяқтауға тырысыңыз.

9. Жұмыс күнінің қысқаша қортындысын жасаңыз, ертеңгі іс-шараларды белгілеңіз. Таңертеңгі үйден жұмысқа дейінгі жолды жоспарлауды ұмытпаңыз. Осы уақытта қызметке қатысы жоқ басқа мәселені ойлаңыз.

Полиция қызметкерлерін дайындауда шетел тәжірибесінің нәтижесі және оны не үшін қабылдау қажет?



Нью-Йорк (АҚШ) қаласының полиция қызметкері - біздің отандасымыз Данияр Нуртаза далада жүкті әйелді босандырып, жергілікті және америкалық хабар арналарының жұлдызына айналды.

Даниярдың айтуы бойынша, полиция қызметкері болу – бұл борыш.

Алғашқы медициналық көмек

8. Алғашқы медициналық көмек

Алғашқы көмек – өмірді сақтап қалу үшін жасалатын, қосымша жарақатты болдырмау және мамандардың білікті медициналық көмегіне дейін ауырсынуды жеңілдетіге бағытталған уақытша шара.

Жалпы ережелер

- «Жедел жәрдемді» шақырыңыз.
- Зақымданған адам мен өзіңіздің өміріңізге қауіп төніп тұрмағанына көз жеткізіңіз.
- Жәбірленушіні дәрігерлер қарағанға дейін мүмкіндігінше орнынан қозғамауға тырысыңыз. Егер оның орнын ауыстыру керек болса, ерекше абайлаңыз.
- Егер жәбірленушіден құсық шықса, бір жанға жатқызыңыз.
- Егер жәбірленуші демалмай жатса, жасанды түрде демалдырыңыз.
- Жәбірленуші тонып қалмас үшін оның үстін жабыңыз, жаңбыр немесе қардан қорғаңыз.
- Зақымданған органды баялап, айқындаңыз.
- Орын ауыстырудың неғұрлым лайықты жолын таңдаңыз.

Естен тану

- Жәбірленушінің естен танғанына көз жеткізіңіз.
- Егер ол ес-түссіз болса, демалып жатқанына көз жеткізіңіз.
- Егер демалмай жатса, оның мұрын жолын босатыңыз. Астыңғы жағын алға шығарыңыз. Басын артқа бұрып, мұрны иегінен биік болғанын көріңіз. Тілін шығарып, мұрын жұтқыншақтарын жаппайтындай етіңіз.
- Жарақаттанған адам демалмаса, онда жасанды түрдегі демалу әрекетін жасаңыз.

Қансырау қаупі кезінде

- Жәбірленушіні зақымының деңгейі жүрек тұсынан жоғары етіп жатқызыңыз, егер зақым басында немесе мойнында болса, басын және иықтарын көтеріңіз.
- Кез келген қанды оратылған бірнеше таза мата қойып, тоқтатуға болады. Жараны таңып, оны қаттырақ тартыңыз.
- Егер қан тоқтамай қойса, тамырды жарадан жоғары сүйекке тарту қажет: қолда –шынтақ пен қолтық ортасында, аяқта – кеуде мен жамбас бүкпесінде.

Артериалдық қанды (ең қауіпті) бұрау салу арқылы тоқтату:

1. мата бөлігінен тұратын 5 см кем емес бұрау дайындаңыз (жіп, нейлон, әйел шұлығын пайдаланыз, сым қолдануға болмайды);

2. бұрауды жараның тікелей үстіңгі жағына, байлағанда сырғымайтындай етіп таңу керек;

3. матаны жара үстінен кеі рет өткізіп, соңын екінші соңына жатқызып, бір-бірінен өткізіңіз;

4. қысқа қатты таяқшаны матаға тігінен қойыңыз, екі шетін байлаңыз;

5. таяқшаны бұрау тартылғанға дейін бұрыңыз. Қан тоқтағанға дейін бұруды тоқтатпаңыз;

6. Мата бөлігін таяқшаның жанын байлап, бұрау дұрыс қойылғанша бекітіңіз.

7. Бұраудың астына оны қойған уақыты көрсетілген жазба қалдырылады. Бұрауды 1,5-2 сағат қолдануға болады. Одан кейін аяқ-қолдардың бұзылуына әкеледі. Осы уақыт ішінде жарақаттанушы емдеу орнына жеткізілуі тиіс.

Кеудеге терең енген жарақат

• Оқ немесе өткір пышақ төс сүйегіне өтіп, демалғанда сырыл дауыс естілсе өкпе коллапсы ұстап қалмас үшін тесікті жабу қажет. Мұны қолмен, полиэтиленді бумамен, лекопластырмен

немесе бірнеше қабатталған таза матамен жабуға болады.

- Жарақаттанушының есті немесе ессіз күйіне карамай, жарақаттанған қырымен жатқызады.

Іш қуысының жарақаттануы

- Жараға таза мата байламын басыңыз. Ішегі немесе басқа да ішкі органдары сыртқа шығып қалса, оларды орнына қоюға тырыспаңыз.

- Жарақаттанушыға неғұрлым ыңғайлы жағдай жасаңыз. Тізеден бүгілген аяғына бүктелген көрпе қойыңыз, бұл іш құрлысына қысымды төмендетеді.

- Жарақаттанушы су ішуге рұқсат бермеңіз. Тамақтануға не темекі шегуге болмайды.

Электр тоғымен зақымдану

1. Электр тоғын сөндіріңіз (электр қуатын тек құрғақ қолмен ұстаңыз, ешқашан су еденде, орындықта немесе үстелде электр құрылғыларын пайдаланбаңыз).

2. Егер тоқты өшіру мүмкін болмаса байланыс сымын жарақаттанушыдан өзге қауіпсіз құралмен алып тастаңыз (ол электр тоғын өткізбейтін немесе аздап өткізетін материалдан болуы керек). Таяқша, бүктелген қағаз, резина, табанды аяқ киім, кеды, сыртқы киім – осы заттардың барлығын құрғақ жағдайда қолдануға болады.

3. Жарақаттанушыға тоқты сөндірмей немесе сымды алып тастамай тақалуға болмайды.
4. Жарақаттанушының демалып жатқанын қараңыз. Тыныстану жолдарының бос екеніне көз жеткізіңіз. Қажет жағдайда жасанды түрде тыныстандырыңыз.
5. Егер жарақаттанушы демалып, бірақ ес-түссіз болса, оған қауіпсіз жағдай жасаңыз.

Күйіктер

1. Күйікке тек суық таза суды шашуға болады. Он минут көлемінде ауру басылғанша суды ағызыңыз.
2. Терінің күйген жерінде пайда болған қолдырауды (волдырь) ешқашан жұлмаңыз.
3. Күйікке жабысқан киімді ешқашан жұлмаңыз.
4. Таза байламды дененің жаралы жеріне басыңыз.
5. Күйген көзге бор қышқылы ертіндісін басу керек (1 стакан суға –бор қышқылының шай қасығымен жартысы).
6. Жарақаттанушыны таза жаймаға орап, жылы басып, 2 таблетка анальгин беріп, тыныштықта жатқызу керек.
7. Егер қолдыраулармен толған күйік алақаннан үлкен көлемде болса, жәбірленушіні

медпунктке жеткізіңіз немесе «Жедел жәрдем» шақырыңыз.

8. Жарақаттанушыға тойымды қант қосылған шай, жидекті шырынын, тұз қосылған су (1 л суға 2 шай қасығы) беріңіз. Есінен танған адамға ешқашан су бермеңіз.

Үсу

1. Жарақаттанушыны жылы бөлмеге апарып, оның жараланған жерлерін спиртпен (арақпен) сүртеді және терінің қызаруына дейін таза қолдарымен уқалайды.

2. Аяқ-қолдарының біраз жерінің үскен жағдайында марганцовка қышқыл калий қосылған ертінді (ақшыл қызғылт).

3. Жалпы үсу жағдайында жәбірленушіні тез арада жылыту бойынша жұмыстар жасалады (20-22оС температуралы бөлмеге кіргізеді), ыстық шай, кофе, арақ береді.

Тамақтан улану

• Асқазанды үй жағдайларында тазалау: уланған адамға үлкен көлемде су беріледі (1-2 литр) және жасанды құсық шақырады – аузына тереңірек саусақтарын жеткізіп, тілдің түбіне тигізеді. Әрекетті қайталау керек. Асқазанды жууға 10-12 литр су қажет.

- Жуылған соңғы су таза болуы керек, астың қалдықтары болмауы тиіс.

Талмалар

- Ес-түссіз жатқан адамды кушеткаға жатқызып, нашатыр спиртын иіскету керек.

Күн немесе ыстық өту

- Күн өткен адамды көлеңкеге жатқызып, басына және жүрек маңайына суық басады, денені су орамалмен сүртеді.
- Жүректің ауруына шағымданса тіл астына валидол или нитроглицерин салады.

Газдан иіс тигенде көмек көрсету

Иіс газы (көміртегі оксиді - CO) – органикалық заттардың жартылай жану өнімі. Өте улы газ, түссіз, кейде оттың иісі білінеді. Ағзаны оттегі жетіспеушілігіне әкеледі.

Улану өрт кезінде, бензин қозғалтқыштарының жұмысы кезінде, табиғи газдың жануында және т.б. жағдайларда болуы мүмкін. Әдетте өлім CO ауа айналымы нашар жүргізілген жабық бөлмелерде болады.

СО ауадағы концентрациясына, оның әсер ету ұзақтығына және адамның күйіне қарай улану жайлап немесе бірден болуы мүмкін.

Бірден есінен тануы мүмкін, оның ішінде рутьде.

Улану белгілері

1) Жеңіл дәрежесінде:

1. Басының ауырлық сезімі немесе соғуы;
2. Шекенің немесе маңдайдың ауруы;
3. Көз алдының қарайып, құлақтары шулауы;

2) Ауыр дәрежесінде:

1. Бас айналуы, үстірт демалу, пульстің үдерйе түсуі, көз қарашығының ұлғаюы, бұлшық еттерінің әлсіреуі;
2. Ұйқы келуі, сананың шатасуы, естен тану;
3. Қуық пен ішектің еріксіз босатуы;
4. Бетте қылғылт дақтардың пайда болуы.

Көмек болмаған жағдайда, демалыс баялай бастағанда, жүрек аритмиясы кезінде талмалар басталып, жәбірленушіні оттегі жетіспеушілігінен өлімге әкелуі мүмкін.

Алғашқы көмек

• Таза ауаға шығарыңыз және шалқасынан жатқызыңыз.

- Киімін шешіп, кеудесін ашыңыз.
- Бетін және кеудесін суық сумен, қармен, мұзбен салқындандырыңыз.
- Суық суға матырылған матаны басына байлаңыз.

Егер жәбірленуші өзіне келмесе:

- мұрнын қышытып, түшкірту;
- жәбірленушінің кеудесін қолғаппен, шарфпен, басқа затпен тынысы пайда болғанша уқалау;
- жасанды тыныс жасау;
- жәбірленушіні емдеу мекемесіне жеткізу немесе дәрігер шақыру.



Ұйымдардың телефон нөмірлері

9. Ұйымдардың телефон нөмірлері:

Анықтамалық нөмірден басқалары тегін:

101 – Өрт сөндіру

102 - Полиция

103 – Жедел жәрдем

104 – Төтенше (газ)

105 – ТЖ анықтамалық

112 – ТЖ құтқару қызметі

114 – Теструктивті діни ағымдардан

*жәбірленгендерге көмектесу орталықтарының
ассоциациясы*

115 – Прокуратураның сенім телефоны

116 – АО «Қазақтелеком» телеграмма қабылдау

150 - Балалар мен жастардың сенім телефоны

*165 - АО «Қазақтелеком» жөндеудің орталық
бюросы*

170 – Қала кодтарының анықтамалығы

188 – Анықтамалық

1412 – Кедендік бақылау комитеті

1414 – Халыққа қызмет көрсету орталығы

*1415 – Тұрмыстық қорлық сенім телефоны
(әйелдерге үшін)*

- 2040 – Тұтынушы құқықтарын қорғау
1616 – Адам саудасы бойынша сенім телефоны
595 - Кассановабанк
7111 - Бтабанк
5030 - Сбербанк
9999 - Каспибанк
7722 - Евразийскийбанк
7575 - Альянсбанк
2424 - Атфбанк
5050 - Втббанк
7711 - Цеснабанк
7733 - Темірбанк
7770 - Казакбанк
3311 - Азиякредитбанк
7888 - Рбкбанк
5757 – Дельтабанк
88000705705 - Позитивбанк
88000707007 - Фортебанк
88000800075 - Альфабанк
88000800900 - Нурбанк
88000800088 - Центербанк
88000800059 - Халыкбанк
88000800090 - Казкоммерцбанк

- 88000801880 - Жилстройбанк
88000800596 - Астанабанк
88000805559 – Қазақстанның даму банкі
88000801020 – Депозиттерді сақтандырудың
қазақстандық қоры
88000800600 - Альянс Полис сақтандыру полисі
88000800099 - Евразия сақтандыру полисі
7700 , 7799 - Samsung
2255 - LG
88000800303 – Электроника әлемі
88000808088 - Sulpak
88000800100 - Alser
88000805505 - Logocom
88000702011 - CocaCola
88000707070 - Hyundai
88000807775 - DaDa
88000801111 - Technodom
88000800880 - Kazpost
88000809809 - Panasonic
88000801008 - Газпром
88000802222 – КазМунайГаз

Шартты қысқартулар

10. Шартты қысқартулар

1. *Тармақша - тт.*
2. *Тармақ - т.*
3. *Бап –б*
4. *Қазақстан Республикасы - ҚР*
5. *Полиция қызметкері – қызметкер*
6. *Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының әскери қызметшісі – әскери қызметші*
7. *Ішкі істер органдары - ІІО*
8. *Ұлттық ұлан - ҰҰ*
9. *Жол-көлік оқиғасы -ЖКО*
10. *Бұқаралық ақпарат құралдары - БАҚ*
11. *Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодексі - ҚР ӘҚК;*
12. *Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексі – ҚР ҚК;*
13. *Қазақстан Республикасы Қылмыстық процесітік кодексі -ҚР ҚПК.*

**Жаднаманы құрастыру себептері және
Академия туралы қысқаша мәліметтер**

Құрметті әріптестер!

Егер Сіздер келесі сұрақтарға жауап алғыларыңыз келсе:

Ішкі істер органдары қызметкерлеріне арналған практикалық кеңестер қалай құрастырылды?

Ұсынылып отырған жаднаманың ерекшелігі мен практикадағы құндылығы неде?

Құқық қорғау органдары академиясы қандай міндеттер атқарады?

Ең алдымен, осы Жаднаманы әзірлеу және оны практикаға енгізу жөнінде арнайы Ведомствоаралық жұмыс тобы құрылғанын мәлімдейін.

Оның құрамына Бас прокуратураның, Ішкі істер министрлігі мен Құқық қорғау органдары академиясының қызметкерлері енді.

Ішкі істер органдарының қызметкерлері мен әскери қызметшілеріне сауалнама жүргізіліп, полицейлердің күнделікті кездесетін мәселелері анықталды.

Жинақталған мәселелерді ескере отырып, паралингвистика, жанжалтану (конфликтология), әлеуметтік психологияның әдіс-тәсілдерін қолданумен практикалық қызметке бейімделген жауаптар әзірленді.

Жаднама практикада кездесетін барлық проблемаларды шешпейтіні сөзсіз, дегенмен кеңестерді орынды қолдану оңтайлы нәтижелерге қол жеткізеді деп сенеміз.

Тұлғааралық қарым-қатынастың дағдыларын, келіссөздер жүргізу ережесін және даулы жағдайларды

реттеуді бұдан әрі жетілдіру үшін арнайы тренингтерге қатысу қажет екенін ескеру қажет.

Академиядағы мұндай оқытудан құқық қорғау органдарының, оның ішінде Президенттік резервте тұратын 1 500 қызметкері жыл сайын өтеді.

Құқық қорғау органдары қызметкерлерінің кәсіби деңгейін арттырумен шектеліп қоймай, Академия құқық қорғау қызметі саласындағы ведомствоаралық ғылыми зерттеулермен және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру бағдарламаларын (магистратура және докторантура) іске асырумен айналысады.

Бірлескен жұмыс Сіздің өз ісіңіздің үздік шебері атанып, болашақта Академияның кәсіби деңгейді арттыру курстарында Президенттік резерв тыңдаушылары ретінде оқытудан өтуіңізге мүмкіндік береді деген үміттеміз.

Құрметпен,

Наиль Ахметзакиров
Қазақстан Республикасы
Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясы
Ректорының м.а.

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясының Президенттік резерв курстарының
алғашқы түлектері (2016 жылғы сәуір)*



*Солдан оңға қарай: тыңдаушы Мухамадиев А.К.,
Досмагамбетов А.С., Нурғалиев А.Ж., Бектуров
И.Т., Сулейменов Т.К., Дауешов Х.З., Жүйриктаев
Б.К., Джанибеков Б.Н., Кутбаев Б.М., Мадьяров
Н.А., Тастемиров А.Н., Исмагулов А.Ш., Даулетов
Р.Г., Ульжабаев Ж.К., Темірбаев А.А.*

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясының Президенттік резерв курстарының
екінші түлектері (2016 жылғы тамыз)*



*Солдан оңға қарай: тыңдаушы Челикенов Б.Б.,
Апеков Р.С., Игенбаев К.А., Кожамбердиев Б.М.,
Касенов Б.Т.*

*Екінші қатардағы тыңдаушы Кабылбеков К.К.,
Кенжекулов К.О., Сейтказимов К.Б., Умиралиев
Ж.Ж., Катпанов М.К., Нурмагамбетов Т.К.,
Байшулаков А.М., Абдранбаев Т.Б., Нурпейсов Е.С.,
Султан Б.Ж., Ешимов Ж.А.*

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясының Президенттік резерв курстарының
үшінші түлектері (2016 жылғы қараша)*



*Солдан оңға қарай: тыңдаушы Таласбаев М.Т.,
Сейтбеков К.А., Академия Институтының
директоры Даниев Н.С., тыңдаушы Элиманов Ж.К.,
Академия Ректорының м.а. Ахметзакиров Н.Р.,
Мусаев Д.У., Оразалинов А.М., Академияның экс-
ректоры Байжанов У.С., Секенов Д.А., Абдигалиев
А.У., Ракишев Р.Г., Масимов Н.М., Кабденов М.Т.,
Дюсембеков К.С., Толысбаев Е.Т.*

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясының Президенттік резерв курстарының
төртінші түлектері (2017 жылғы ақпан)*



*Солдан оңға қарай: тыңдаушы Бердибеков Е.С.,
Нурғалиев Кадырбек Ахметқаримович, Сексембаев
М.И., Академия магистранты Кулманова Д.С.,
дәріс оқушы – ҚР ҰҚК Төрағасының орынбасары
Билисбеков Н.Д., Ташимов Б.К., Әбдіханов Қ.Ә.,
Нарымбиев Т.М., Артықбаев К.Г., Тюлеубаев М.А.,
Академия магистранты Амиров А.М.*

*Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының
жанындағы Құқық қорғау органдары
академиясының Президенттік резерв курстарының
бесінші түлектері (2017 жылғы мамыр)*



*Солдан оңға қарай: бірінші қатарда тыңдаушы
Кожяхметов А.А., Дюсенбаев Н.М., Шалабаев С.Р.,
Институт директоры Даниев Н.С., Қызылорда
облысының прокуроры Дауешов Х.З., тыңдаушы
Патсаев У.К., Алиев Д.Д., Утеев Ш.Т., Мугалов К.К.*

*Екінші қатарда тыңдаушы Мабиев Е.Қ.,
Таймерденов К.Д., Турсунбеков А.И., Сейтжанұлы
Ғ., Шапагатов М.К., Оримбаев А.Н., Лесов Г.С.,
Есбергенев К.Б.*

**Полиция қызметкерлері мен
Ұлттық ұлан әскери қызметшілеріне
қалыптан тыс жағдайларда
қолдануға арналған
ЖАДНАМА**

Практикалық оқу құралы

Баспаға жіберілген күні 01.08.2017, Формат 10,5x15,5
Баспа беті 0,3013. Тираж 1000 дана. № тапсырыс

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының жанындағы
Құқық қорғау органдары академиясының
типографиясында басылып шығарылды
Ақмола облысы Целиноград ауданы Қосшы ауылы, Республика к., 16